Бекітемін:
Қамқоршылық кеңес төрайымы: Г.Б.Мырзалина

«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-сі жанынан құрылған
2023 жылға арналған Қамқоршылық кеңесінің отырыстары

| № | Орындалу мерзімі | Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер |
|---|---|---|
| 1 | Наурыз | - Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесін сақтауы<br>- Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы |
| 2 | Маусым | - Оқу жылының қорытындысы.<br>- Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. |
| 3 | Қыркүйек | - Өткен оқу жылының негізгі қорытындылары.<br>- Жаңа оқу жылының міндеттері.<br>- «Мектепке жол» акциясы туралы. |
| 4 | Желтоқсан | - Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары.<br>- «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы<br>- Ағымдағы мәселелер. |

# Хаттама №1

"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-де наурыздың 3-і күні сағат $15^{00}$-де қамқоршылық кеңес жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 9
Қатысқаны - 9
Қатыспағаны - 0

**Күн тәртібінде:**
1. Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесін сақтауы.
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы.

**Тыңдалды.**

Г.Б.Мырзалина– кеңес төрайымы

Білім ордасының ішкі тәртіп ережелері мектеп директорының бұйрығымен бекітілсін. Барлық класс жетекшілер класс жиналысын жасап, жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, мектеп оқушыларына ішкі тәртіп ережесін таныстырсын. Әр дүйсенбі сайын мектеп басшылары мен класс жетекшілер, кезекшілер мектеп формасының сақталуын сабақтан кешікпеу, сабақтан себепсіз қалмау, жалпы ішкі тәртіп ережесінде не қамтылған барлығын қадағалап отырады. Сонымен қатар білім беру ұйымында ерекшелеп көрсетіп тұратын киім киюге тыйым салынатындығы, білім беру ұйымына алып келуге тыйым салынған заттарды суық қару, телефон, электр құрылғылар т.с.с және қадалғыш және кескіш заттар қолдануға тыйым салынатындығы жөнінде баса айтылды.

Е.Қ.Қуанышқали – ДТІЖО.

Мектепте білім алушылар қосымша біліммен қамтылған. Мектебімізде «Толағай» спорт үйірмесі, «Әсем ән-хор» үйірмесі, еркін күрес үйірмесі мен қатар басқа да ақысыз үйірмелер жұмыс жасайды. Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін түрлі сайыстар ұйымдастырылып отырады. 9-11 класс оқушыларын емтиханға, ҰБТ–ге дайындау үшін қосымша сабақтарға белгіленген кесте бойынша шақырылып, дайындық жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Оқушыларымыз еркін күрестен аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып отырады. Көңіліміз толып марқайып отырамыз.

Сөйлеушілер:

Ж.Д.Өтешова – кеңес мүшесі.

Өткен оқу жылы мектебіміз үшін табысты жыл болды. Мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық байқаулардан түрлі олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болып мектеп мәртебесін асқақтатып отырды. Алдағы уақытта білім алып жатқан шәкірттеріміз мектеп абыройын асқақтата берсін. Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің барша ұстаздарына алғыс айтып, шығармашылық табыстар тілеймін.

Қаулы:

1.Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесі таныстырылып қадағалансын

2.Қосымша білім беру ұйымдары жұмыстары жандандырылсын

| | |
|---|---|
| Кеңес төрайымы: | Г.Б.Мырзалина |
| Кеңес мүшелері: | Н.А.Жұбаналина |
| | Ж.Д.Өтешова |
| | Г.С.Дүсипова |
| | Г.А.Асанова |
| | И.Н.Нұрмағанбетов |
| | Н.У.Тәжіғалиев |
| | Ш.Н.Тубекова |
| | З.П.Тлеумағанбетова |

Бекітемін:
Мектеп директоры: Ф.К.Казиева

№3 қосымша

**«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ**
**Қамқоршылық кеңесінің шешім хаттамасы**

Кемерши ауылы 30.05.2023жыл

Өткізу орны: Қ.Жазықов атындағы орта мектебі
Өткізу уақыты: 15 : 00

Қатысқандар (кеңес құрамы):

1. Мырзалина Г.
2. Жұбаналина Н.
3. Өтешова Ж.
4. Дүсипова Г.
5. Асанова Г.
6. Нұрмағанбетов И.
7. Тәжіғалиев Н.
8. Тубекова Ш.
9. Тлеумағанбетова З.
10. Мектеп директоры: Казиева Ф
11. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қуанышқали Е.

**Күн тәртібі:** «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының "QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларын жазғы лагерьге жіберу туралы мәселені қарау.

**Іріктеу критерийлері:** үздіктер, лауреаттары.

**Тыңдалды:**

Қуанышқали Е - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының «QH Жаздык жолдама» қайырымдылық жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларына жазғы лагерь ұйымдастырылады екен, соған 5, 6, 7, 8 - сыныптардан бір үздік оқушы және жарыстардың, байқаулардың иегері, жүлдегері болып жүрген бір оқушы ұсынуымыз керек. Аталған сыныптардағы үздік балалармен, лауреат балалармен және олардың ата-аналарымен сөйлесе отырып, төмендегі балаларды ұсынып отырмыз. Олар: Дәулетжанқызы Алина 5-сынып,

Григорий-Абатова Әмина Айтуарқызы 5-сынып, Кәдірқұлова Гүлдәурен Шыңғысқызы 5-сынып, Қазбеков Әділбек Жексенұлы 6-сынып, Таңбаева Мерей Даулетжанқызы 6-сынып, Оразғали Жасұлан Ақылбекұлы 7-сынып, Григорий-Абатов Әуезхан Айтуарұлы 7-сынып, Набиева Меруерт Кенжебекқызы 8-сынып, Дәулетова Жаннұр Жандарбекқызы 8-сынып осы біз ұсынған балалармен Қамкоршылық кеңесі келісе ме екен, болмаса басқа да отбасылардың әлеуметтік жағдайына, жоғарыда айтып өткенімдей критерийлерге қарай отырып, басқа бала ұсынасыздар ма?

**Сөз сөйледі:**

Нұрмағанбетов И - кеңес мүшесі. Жоғары жақтан ондай қолдау болып, балаларды демалтамыз, қыдыртамыз деп жатырса біз келісеміз қай бала барып демалса да. Дегенмен жаңағыдай талаптары болса, жақсы оқитын балаларды сұрап отырса, қай баланың қалай оқитынын мектеп мұғалімдері біледі ғой. Өздеріңіз баламен, баланың ата-анасымен сөйлесіп келіссеңіздер, біз неге қарсы боламыз. Сіздермен келісеміз. Жаңағы аталған балалардың демалып келуіне қарсылығымыз жоқ, келісеміз.

**Дауыс беру:**

Қолдаймын - 9 мүше
Қарсы - 0
Қалыс қалған - 0

**Шешім:**

«Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының "QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы аясында ұйымдастырылған жазғы лагеріне Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің төменде көрсетілген 5-8 сынып оқушылары ұсынылсын.

1. Дәулетжанқызы Алина 5-сынып оқу үздігі;
2. Григорий-Абатова Әмина Айтуарқызы 5-сынып оқу үздігі;
3. Кәдірқұлова Гүлдәурен Шыңғысқызы 5-сынып оқу үздігі;
4. Қазбеков Әділбек Жексенұлы 6-сынып оқу үздігі.
5. Таңбаева Мерей Даулетжанқызы 6-сынып лауреат.
6. Оразғали Жасұлан Ақылбекұлы 7-сынып оқу үздігі.
7. Григорий-Абатов Әуезхан Айтуарұлы 7-сынып оқу үздігі.
8. Набиева Меруерт Кенжебекқызы 8-сынып оқу үздігі.
9. Дәулетова Жаннұр Жандарбекқызы 8-сынып оқу үздігі.

Кеңес төрайымы: Мырзалина Г.
Хатшы: Қайсарова В.

Хаттама №2

"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-де 2022 жылдың маусымның 2-і күні сағат $15^{00}$-де қамқоршылық кеңес жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 9
Қатысканы - 9
Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:
1. Оқу жылының қорытындысы.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру

Тыңдалды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Мырзалина Гүлнара Болатовна кеңестің жыл бойы атқарған жұмысына қысқаша тоқталып өтті. Кеңес мүшелері жоспар бойынша көрсетілген жұмыстарды атқарып келеді. Атап айтсақ, қыркүйек айында материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау жұмысына қатысып, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың құжаттарын жинақтауға көмектесіп, жыл бойы қатты мұқтаж оқушыларға көмек көрсетілді.

2.Жазғы сауықтыру лагеріне тарту бойынша тәлімгер Қазбағанбетова Жангүл қысқаша айтып өтсін. Жазғы сауықтыру лагеріне оның ішінде қала сыртындағы лагерьге озат оқушылармен түрлі сайыстардан жетістіктерге жетіп жүрген оқушылар қамтылады. «Жем ұланы» лагеріне 1-5 класс аралығындағы оқушылар тартылады. Ыстық тамақпен 10 оқушы қамтылады. Ыстық тамақсыз 54 оқушы қамтылады. Этно лагерьге 6,7,8,10 класс оқушылары аралығында 9 оқушы камьылады.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:
Өтешова Жұлдыз - қамқоршылық кеңес мүшесі.

Оқу жылы ішіндегі қамқоршылық кеңес жұмысын қанағаттанарлық деп бағалаймын. Алдағы оқу жылында да жоспар бойынша ұйымшылдықпен көптеген жұмыстар атқарамыз деп ойлаймын.

Тәжіғалиев Нұрбол -қамқоршылық кеңес мүшесі.

Жазғы сауықтыру лагері бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы ескерілгені өте орынды деп ойлаймын. Бала біздің болашағымыз. Олардың жаз айындағы жауапкершілігі ата-аналарында болмақ. Сонда да класс жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болу керек деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдай келе қаулы етеді.

1. Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Оқушылардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру талапқа сай жүргізілсін.

Кеңес төрайымы: Г.Б.Мырзалина
Кеңес мүшелері: Н.А.Жұбаналина
Ж.Д.Өтешова
Г.С.Дүсіпова
Г.А.Асанова
И.Н.Нұрмағанбетов
Н.У.Тәжіғалиев
Ш.Н.Тубекова
З.П.Тлеумағанбетова

Хаттама № 3

Қыркүйек айының 21-жұлдызында «Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-сі жанынан құрылған Қамқоршылық кеңесінің жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысуға тиіс мүшелер: 9

Қатысқаны: 9 мүше және (Білім беру ұйымынын басшысы) Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің директоры Ф.Казиева

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Өткен оқу жылының негізгі қорытындысы
2. «Мектепке жол» акциясының өту барысы.
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1. Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің директоры – Ф.Казиева.

Биылғы оқу жылын 181 оқушымен бастадық. Осы оқушылардың отбасыларының әлеуметтік жағдайлары тексеріле келе 21 оқушы ыстық тамақпен қамтуға тартылды. Мектептегі кітап қоры да жеткілікті. Кейбір жетіспейтін пән оқулықтарымен бірінші кезекте осы жартылай жетім, көп балалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары қамтылады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша да айта кетті. Күн тәртібіндегі мәселеден де ауытқып айтар болсам, күнде өздеріңіз әлеуметтік желілерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп жүрген. мектеп жасындағы балалардын катысуымен болып жаткан түрлі қылмыстар. құқық бұзушылықтар қоғамға кері әсерін тигізіп отыр. Сондай жәйттердің біздің балаларымыздың санасына да кері ой салуы мүмкін, Сондыктан ол көріністердің түбі өз бастарына зиян болып тиетінін, зан алдында жауап беретінін айтып, ондай жағдайлардан аулақ жүрулерін ескертіп отырыныздар. Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты түрлі жұмыстар жүргізілуде. Ақпараттық түсіндіру, кеңес беру, бос уақыттарын тиімді өткізу, тіпті оқушылардың түнгі мезгілде көшеде жүрмеулері үшінде кезекшілік койылып, сол кестеге сай мұғалімдер оқушылардың көшеде себепсіз жүрмеулерін қадағалайды. Енді, сіздерде ата-аналарға ескерте жүріңіздер-деп тапсырды.

2. Жұбаналина Нұрбибі (кәсіпкер). Биылғы оқу жылында жүргізген мектеп жұмысын жақсы деп бағалаймын. Кейбір шаруаларға өзімізбен ақылдаса отырып, шешім қабылдадыңыздар. Олар жадымызда, әрдайым бірлесе жұмыс жасай берейік. Жағдайы төмен отбасының балаларына қолдау көрсетіп, киім алып беріп отырған жаңағыдай компания ұжымына, мұғалімдерге өзімнің атымнан, осы кеңес мүшелері атынан рахмет айтамын! Жаңағы айтып отырған, балалардың катысуымен болатын неше түрлі айуандықтарды көріп жүрегіміз ауырады. Балаларыма айтып отырам «Ондайдан аулақ болындар, олар өз өмірлеріне өз қолдарымен балта шауып жатыр»- деп. Сіздердің жұмыстарыңа сәттілік тілеймін.

3. Тәжіғалиев Нұрбол (ата-ана)

Атқарылған жұмыстарыңның есебін тыңдадық, «жақсы» деп бағалаймын. Алда да жасалатын жұмыстарына сәттілік тілеймін. Келесі құқықбұзушылық туралы да дұрыс айттыңыз. Ауылымыз кішкентай балаларымыздан ондай шықпайды деп ойлаймын. Дегенмен қадағалап отырғанымыз жөн. Алдын алу шаралары жүргізіліп отыруы керек. Ол үнемі назарда болуы керек. Дұрыс айтасыз, бізде атсалысамыз.

4. Мырзалина Гүлнара (кеңес төрайымы) Мектепте атқарылған жұмыстарынызды баян еттіңіз, мен таныспын, себебі, мен мектеппен тығыз байланыстамын десемде болады. Шаршамаңыздар ел мүддесі үшін, ел баласы үшін аткарып отырған жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін және рахмет айтамын. Алда да атқарылар шараларға, шаруаларға ақыл-кеңесімізді, көмегімізді аямаймыз, осы қамкоршылык кеңесі мүшелері де сіздермен бірге…

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе қаулы етеді:

1. 2022-2023 оқу жылының басында атқарылған жұмыстар «жақсы» деп бағалансын.
2. «Мектепке жол» акциясы өте жақсы ұйымдастырылған деп танылсын.

Кеңес төрайымы: Г.Б.Мырзалина
Кеңес мүшелері: Н.А.Жұбаналина
Ж.Д.Өтешова
Г.С.Дүсипова
Г.А.Асанова
И.Н.Нұрмағанбетов
Н.У.Тәжіғалиев
Ш.Н.Тубекова
З.П.Тлеумағанбетова